

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің Бостандық ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 наурызда № 7455-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Бостандық ауылы халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 26 тамыздағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Кіші-Қарой ауылдық округінің Бостандық ауылындағы келесі көшелер қайта аталсын:

Карл Маркс көшесін Кенесары көшесіне;

Ленин көшесін Жолауши Рамазанов көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*А. Сарсенбаев*